

УДК 334.723.6

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОРЫНЫҢ ЖҰМЫС ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ

**Абугалиева Мадина Аскарвна**

[ainura\\_zhahmetova@mail.ru](mailto:ainura_zhahmetova@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Мемлекеттік аудит  
мамандығының 3 курс студенті, Нұрсұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – А.Жахметова

Қазақстан - әлемдік ауқымда көлемі шағын экономика. Сондықтан оны өте тиімді басқару қажет. Ел біртұтас корпорация секілді жұмыс істеуі тиіс, ал мемлекет оның өзегі болуға тиіс. Қазақстан Республикасындағы 2012 жылдың 14 желтоқсанындағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан халқына Жолдауында мемлекеттің макроэкономикалық саясатының жаңғыртылуы тиіс екенін және оның ішінде Мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты бойынша мына мәселелерді атап өткен болатын:

- Елдің мемлекеттік қарызының деңгейін тұрақты бақылауда ұстау
- ЖӨ-ге қатысты бюджет тапшылығын төмендету;
- Мемлекеттік қарыз аз мөлшерлі деңгейде қалуға тиіс. Бұл қағидатты міндет, өйткені, біз әлемдік тұрақсыздық жағдайында бюджетіміздің тұрақтылығын және ұлттық қауіпсіздігімізді тек осылай ғана қамтамасыз ете аламыз.

- Экономиканың квазимемлекеттік секторы борышының деңгейін қатаң бақылау қажет.

Осы Жолдаудың ішіндегі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге байланысты айтылған бірнеше мәселелерге тоқтайтын болсақ:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектілері шығарған еурооблигацияларды алдын ала өтеуді ұйымдастырудың орындылығын қарау;

- 2) акционерге дивиденд төлеудің төмендеуін көздейтін ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтерге қатысты дивидендтік саясатты қайта қарау;

- 3) ұлттық компаниялар мен басқарушы холдингтердің аппаратты ұстау, бонустар, күрделі шығыстарға шығындарды шектеу;

- 4) ішкі борыш мониторингі жүйесін және квазимемлекеттік сектор ұйымдарының қаржы тұрақтылығының негізгі көрсеткіштерін сақтау тетігін құру.

Қазіргі кезде Қазақстанның квазимемлекеттік секторында үлкен көлемдегі қаржы игерілуде. Мемлекеттік сатып алулар көлемінен асып тұратын бюджет жағдайында, квазимемлекеттік сектордағы жемқорлық мәселесі өте өзекті мәселе болып табылады. Алайда, шынайы экономикалық жағдай бұл сектордағы жариялылықтың жетіспейтіндігін көрсетіп отыр. Сондықтан да, бұл тақырыпқа арналған мәселелер өте өзекті болып табылады.

Бүгінде мемлекет нарықтық қатынастарға толық немесе ішінара тиесілі заңды тұлғалар арқылы қатысады. Қолданыстағы заңнамада бұл заңды тұлғалар әртүрлі болып аталады: «Заңдық негізде квазимемлекеттік сектор субъектілері ұғымы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы қабылданған ҚР Бюджет кодексінен және 2015 жылы 12 қарашада қабылданған Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңында қаралған: «Квазимемлекеттік сектор субъектілері дегеніміз - мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде мемлекет қатысушысы немесе

акционері болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен аффилиирленген болып табылатын өзге де заңды тұлғалар болып табылады».

Квазимемлекеттік сектор дегеніміз жалпы түсінік бойынша мемлекеттің жеке секторға қатысты үлесі бар кәсіпорындар санатын құрайды. ҚР квазимемлекеттік сектордың даму кезеңдеріне 1 кестеде көрсетілген.

Кесте-1.

Қазақстан Республикасындағы квазимемлекеттік сектордың даму кезеңдері

Кезең жылдары	1991-1999	2000-2006	2006-2013	2013-қазіргі кезге дейін
Негізгі мақсат	Орталықтандырылған жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдай жасау. Мемлекеттік меншіктің стратегиялық объектілерін басқаруды қайта құру	Мемлекеттік кәсіпорындар, акционерлік қоғамдар, мемлекет қатысатын жауапкерші-лігі шектеулі серіктестіктердің әрекет ету тиімділігін арттыру, заңнамалық базаны жетілдіру	Ұлттық компанияның іс-әрекеттерінің мемлекет бақылауын күшейту барысында бизнесті нығайту	Экономиканың басымды салаларында инвестициялық-инновациялық белсенділігін ынталандыратын мемлекет меншігінің құрамы мен құрылымын оңтайландыру

Жоғарыдағы 1 кестеден көріп отырғанымыздай, мұндағы негізгі мақсат шаруашылық субъектілердің тиімді түрі ретінде жеке меншік топтарын қалыптастыру, бәсекелестік ортаны қалыптастыру арқылы өндірісті монополияландыруды қамтамасыз ету және бағалы қағаз нарығының субъектісі ретінде инвестициялық құрылым жүйесін дамыту мен нығайту болып табылады.

Қазіргі кезде еліміз жас мемлекет болғандықтан, экономикалық жағынан да, басқа салалар жағынан да даму үстінде. Бүгінгі таңда мемлекетімізде ірі бірнеше квазимемлекеттік сектор субъектілері бар: "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ, "Қазақстан Темір Жолы" Ұлттық компаниясы" АҚ, "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы" АҚ, "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы АҚ және т.б.

Еліміздегі квазимемлекеттік сектор субъектілерінің статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қаржы министрлігіндегі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің мемлекеттік мүлік тізілімінде бүгінгі күнде 720 объект 454 842,0 млн. тг. сатылған. 2017 жылғы жекешелендіру объектілерінің статистикалық көрсеткіштеріне тоқтайтын болсақ:

Кесте-2. ҚР жекешелендірудің екінші кезеңі - 2017 жылдағы жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштері

МЕНШІК ТҮРІ	Барлығы	Шығарылды	Сатылды	Сатылу бағасы	Алынып тасталды	Қателіктер
Республикалық меншік	13	13	13	13 618 060 253,71	0	0
Коммуналдық меншік	226	119	119	27 308 908 861,89	107	6

Ұлттық холдингтер активтері	61	22	22	78 893 710 441,70	39	2
Ұлттық компаниялар активтері	43	31	31	2 138 207 937,07	12	0
Нәтижесі	343	185	185	121 958 887494,37	158	8

2017 жылғы мемлекеттік жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштерін 3-кестеден көре аламыз. Бұндағы орын алған қателіктерге тоқталайық. Мысалға, коммуналдық меншіктегі жіберілген қателіктерге тоқталайық:

Кесте-3. ҚР 2017 жылғы коммуналдық меншіктегі жіберілген бұзушылықтар

Жекешелендіру объектісі	Бұзушылық
"ШҚО Семей қаласының «Дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің "Спартак" футбол клубы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;
Маңғыстау облысы әкімдігінің облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының ШЖҚ "Маңғыстауветсервис" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"КАЗКИНОЖИНАҚТАУ" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;
Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ШЖҚ "Демалыс" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
Алматы қаласы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының ШЖҚ "Алматыэкологоқұрылыс" МКК	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"Білім беру жүйесін ақпараттандыру орталығы" ЖШС	Тарату туралы шешім қабылданды, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған;

Салыстыру үшін 2018 жылғы мәліметтерді алайық. Ең алдымен, 2018 жылғы жекешелендіру объектілерінің статистикалық көрсеткіштеріне 4 кестеде орналасқан.

Кесте-4. ҚР жекешелендірудің екінші кезеңі - 2018 жылдағы жекешелендіру объектілерінің көрсеткіштері

МЕНШІК ТҮРІ	Барлығы	Шығарылды	Сатылды	Сатылу бағасы,тг	Алынып тасталды	Қателіктер
Республикалық меншік	31	22	2	25 737 572 575,00	8	0
Коммуналдық меншік	73	37	0	22 316 620 334,00	36	6
Ұлттық холдингтер активтері	31	24	0	74 633 152 790,00	7	0

Ұлттық компаниялар активтері	21	15	0	711 591 618,00	6	1
Нәтижесі	156	98	2	123 398 937 317,00	57	7

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, коммуналдық меншіктегі бұзушылықтардың саны өзгермегендігін көруімізге болады. Ал қалған меншік түрлерінде 2017 жылға карағанда, 2018 жылғы меншік түрлерінің көрсеткіштеріндегі қателіктер немесе бұзушылықтар айтарлықтай азайғандығын көруімізге болады. 2018 жылғы коммуналдық меншік объектілеріндегі кемшіліктер анықталған жекешелендіру объектілеріне тоқтайтын болсақ:

Кесте-5. 2018 жылғы коммуналдық меншіктегі жіберілген бұзушылықтар

Жекешелендіру объектісі	Бұзушылық
"Жетісу" авиакомпаниясы" АҚ	Мемлекеттік қатысу үлесін ұсақтау арқылы сатылады;
«Спецавтобаза» ЖШС	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"Қалқымалы өткел" ЖШС	Сату алдындағы дайындық және бағалау созылған
"Маңғыстау облысының өңірлік мемлекеттік - жеке меншік әріптестік орталығы" АҚ	Мемлекеттік қатысу үлесін ұсақтау арқылы сатылады;
"Астана-Көгалдандыру құрылысы" АҚ	Мемлекеттік қатысу үлесін ұсақтау арқылы сатылады;
"Астана орманы" ЖШС	Мемлекеттік қатысу үлесін ұсақтау арқылы сатылады;

2018 жылғы мәліметтер бойынша жіберілген бұзушылықтар мемлекеттік қатысу үлесін ұсақтау арқылы сату және сату алдындағы дайындық және бағалаудың созылуымен байланысты екенін көруімізге болады. 2017 жылдағыдай тарату туралы шешім қабылданған, бірақ объект осы уақытқа дейін жойылмаған жағдайлардың жоғалғандығын көруімізге болады. Бұл көрсеткіштер арқылы біз квазимемлекеттік сектор саласында бақылау, тексерістердің маңыздылығын арттыру үшін мынадай ұсыныстарды негізге ала аламыз:

- Құрылтайшының немесе ұйымның лауазымды адамының тарапынан қасақана әрекетсіздікті болдырмау, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті сақтау және кредиторлардың құқықтарын қорғау үшін құрылтайшыға ғана емес, сондай-ақ олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған әдейі және жалған банкроттық кезінде лауазымды адамға да субсидиарлық жауапкершілікті таратсақ болады.

- Шетелдік тәжірибені ескере отырып, сондай-ақ заңнама нормаларын біркелкі қолдануды болдырмау мақсатында, "мемлекеттік мүлік туралы" ҚР Заңында Директорлар кеңесі мен атқарушы орган мүшелерінің қоғам, серіктестік және олардың қатысушылары алдындағы жауапкершілігі (ұжымдық және дербес) бөлігінде арнайы заңдарға сілтемелерді қарастыру қажет деп санаймын.

Халықаралық тәжірибе кез келген саяси режимде мемлекеттік сектордың мемлекеттік басқарудың маңызды саласын құрайтынын және елдің негізгі экономикалық тірегі екенін куәландырады. Бұл ретте әрбір жекелеген елдегі оның ауқымы мен құрылымы мемлекеттің тарихи және әлеуметтік жағдайлары мен дәстүрлеріне, міндеттері мен салалық басымдықтарына, ұлттық шаруашылықтың жай-күйіне негізделген.

Экономикадағы квазимемлекеттік сектор басқаша мемлекеттік-жеке серіктестік деп аталады. Оның дамуының негізгі себебі экономиканың бірқатар әлеуметтік маңызды салаларын дамытуға арналған бюджет қаражатының жетіспеушілігі болып табылады.

Қазіргі уақытта жеке бизнес үшін тартылмайтын жобаларды іске асыруға жеке капиталды тарту мақсатында шет елдерде мемлекет қоғамдық маңызы бар жобаларға бюджеттік салымдарды, салықтық жеңілдіктерді, дотацияларды, сондай-ақ мақұлданған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасын іске асыратын осы кәсіпорынның ғана бөлінген ресурсты пайдалануға оларға кепілдік беретін монополияны ұсынады. Мысалы, АҚШ, Ұлыбритания, Франция және Германия мемлекеттік-жеке меншік әріптестік саласындағы көшбасшылар болып саналады. Бұл ретте АҚШ-та мемлекеттік-жеке серіктестік кеңінен таралған және мемлекеттік иерархияның муниципалдық деңгейінде құпталады. Ұлыбританияда, керісінше, Мемлекеттік-жеке серіктестік ұлттық ауқымдағы жобаларды іске асыру кезінде, мысалы, Евротоннель, Лондон метрополитені, жаңа темір жол құрылысы сияқты пікірталастардың мәні болып отыр. Францияда мемлекет жаңа және жаңа ғылымды қажетсінетін жоғары рентабельді салаларда жетекші позицияға ие ірі компанияларға бақылау белгілей отырып, бүкіл қоғам мүддесінде өндірістің стратегиялық маңызды салаларының бағыттарын анықтауға және дамуын бақылауға мүмкіндік алады. Яғни ірі мемлекеттік компаниялардың болуы ұлттық экономиканың басқарылуын арттырады.

Осылайша, мемлекеттік-жеке серіктестік жобаларының негізгі артықшылықтары олардың тиімділігі, жоғары кәсібилігі, жобалау мен шешімдер қабылдауда икемділігі, мемлекеттік бюджетке және т.б. қысымды қысқарту болып табылады. Квазимемлекеттік сектор ең алдымен елеулі шетелдік инвестицияларды тартуға бағдарланған және осы жобаларды тікелей бюджеттік қаржыландыру қажеттілігін міндетті түрде көздемейтін басым жобалардың жиынтығын қозғайтын қазіргі заманғы өнеркәсіп пен инфрақұрылым объектілерін дамыту мен жаңғыртудың стратегиялық бағыттарының бірі болуға тиіс.

Қорыта келгенде, еліміз үшін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызмет тиімділігін арттыру мемлекет үшін де тиімді болып саналады. Шет ел тәжірибесін қолдана отырып, мемлекетте квазимемлекеттік сектор қызмет саласының жұмыс оңтайлылығын арттыруға бірнеше ұсыныстар айтсақ болады:

- нормативтік құқықтық актілерде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің құқықтық мәртебесін нақты бекітетін заңнама жоқ, оларды жеке және мемлекеттік кәсіпкерлікке жатқызады немесе оқшаулайды.

- Ұлттық басқарушы холдингтер мен компаниялар, сондай-ақ ұлттық холдингтер мен компаниялар үшін артықшылықтарды болдырмау мақсатында "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілеріне тарату.

- Құрылтайшының немесе ұйымның лауазымды адамының тарапынан қасақана әрекетсіздікті болдырмау, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті сақтау және кредиторлардың құқықтарын қорғау үшін құрылтайшыға ғана емес, сондай-ақ олардың әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) туындаған әдейі және жалған банкроттық кезінде лауазымды адамға да субсидиарлық жауапкершілікті таратсақ болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. "Қазақстан-2050" Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>
2. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы": <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
3. Мемлекеттік мүлік туралы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000413>
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410>
5. Ғылым туралы заң: <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000407>
6. "Мемлекеттік сатып алу туралы": <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>

7. МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК ЖӘНЕ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ КОМИТЕТІ  
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК МҮЛІК  
ТІЗІЛІМІ сайты: <https://www.gosreestr.kz/kz/>

8. Жекешелендірудің екінші толқыны сайты  
(госреестр) :<http://privatization.gosreestr.kz/kz?Filter=incomplexplan&Owner=Kom&Year=2017&Mode=violations>